

Қазіргі тақырыбы: **Гүлмира Тастеміровнаның «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» атты диссертациясы 6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті саласы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін жазылған жұмысына**

ШІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының өз тілін жетік білуі, ана тілінің мүмкіндіктерін барынша қолдануы, өз ойын еркін жеткізе білу мен шаршы топ алдында шешен де шебер сөйлеуге дағдыландыруға жұмыстар жүргізілуде. Әсіресе, қазіргі оқушының пікірталасқа, өзара қарым-қатынас барысында, коммуникативтік актіге қатысуында оның ақпаратты қабылдауы барысында оның халықтың мәдениеті мен тарихынан, тұрмысы мен салтынан, қоршаған ортаны пайымдауынан жасалған тілдік тұлғалардың қолданыстағы мағынасын түсінуі, қабылдауы маңызды рөл атқарады. Осы мәселеге сәйкес мектеп табалдырығынан бастап оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру қажет болып отыр. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасында этникалық мәдени білім кеңістігін қалыптастыру қажеттігін айдын анық көрсетеді. Сондай-ақ мектеп оқушыларын сындарлы ойлауға, өзіндік ізденісін, ақпаратты терең талдау машығын игере алу дағдысын қалыптастыру қажеттігін Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп аталатын Жолдауында айқындалады.

Жоғары сынып оқушыларының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың, ойын нақты әрі көркем жеткізудің құралы – қазақ тілінің көріктеуіш тілдік құралдары. Көріктеуіш құралдар – әдебиет, тіл сабақтарында функционалдық стильдердің қай-қайсысында болмасын кеңінен қолданылатын тілдік категория. Сондықтан жоғары сыныптың қазақ тілі сабақтарында оқушыларға көріктеуіш тілдік құралдарды меңгерту – ана тілін ұлттық рухани құндылық ретінде ұғынып, лингвомәдени сипаттағы мәтіндер тілдік құралдар туралы тілдік білімді ғана емес, ана тілін одап әрі танып-білуге деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізді.

Ал мұндай жұмыстарды атқаруда қазақ тілі сабақтарында заманауи стандарттарға сәйкес интерактивті әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды, техниканы барынша кеңінен қолдануды талап етіп отыр.

Міне, осыларға сәйкес Г.Т. Мухамеджанованың «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» атты диссертация тақырыбының өзектілігі және ондағы көріктеуіш құралдарды меңгертуде қолданылатын интерактивтік әдіс-тәсілдер, кешенді жұмыстар практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарына толықтай жауап береді.

2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағында және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші Г.Т. Мухамеджанованың зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 9-10 тармақтарына сәйкес диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған.

Диссертация мазмұны кіріспе бөлімнен, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Ізденуші зерттеу жұмысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Атап айтқанда: 1) жалпы білім беретін мектептерде көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесі әзірленді. Көріктеуіш құралдарды меңгерудің философиялық, педагогикалық және психологиялық негіздері айқындалып, белсенді әдістері мен тәсілдері және кешенді жұмыс түрлері ұсынылған; 2) жалпы білім беретін мектепте көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыратын дидактикалық ұстанымдары анықталды. Жүйелілік, теория мен практиканың байланысы, саналылық пен белсенділік, көрнекілік секілді дәстүрлі ұстанымдармен қатар антропоэзектілік, лингвомәдени, танымдық ұстанымдарын тілдік құралдары оқытуда басшылыққа алған. 3) жоғары сынып оқушыларына көріктеуіш тілдік құралдарды меңгерудің кешенді тапсырмалар жүйесі жасалып, эксперимент нәтижелерінде олардың тиімді екендіктері дәлелденді; 4) бұған дейін әрқайсысы жеке-дара қарастырылған қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың жазба нұсқаларда (көркем туындыларда, көркем публицистика мен мерзімді басылымдарда) қолданылған барлық дерлік түрлері кешенді түрде жинақталып, олардың классификациясы жасалды; 5) көркем әдеби шығармалардағы, масс-медиа тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың негізгі түрлерінің құрамындағы лексемалардың лингвомәдени ерекшеліктеріне, семантикасындағы ұлттық мәдени белгілерге, семантикалық-компонентті талдау жүргізген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші өзінің зерттеу жұмысында әрбір нәтижесі, тұжырымы мен қорытындысы әрбір тарауда алынған дәлелдемелер негізінде жасалған. Диссертацияның өн бойында ізденуші тарапынан қорытындылар жасалып, тұжырымдалғанын көре аламыз. Нақты айтатын болсақ, біріншіден, оқушылардың тілін дамытуда көріктеуіш құралдарды жүйелі, үздіксіз қолдану оларды шешен, жүйелі сөйлеуге дағдыландыруға көмектесетіндігін эксперимент нәтижелері арқылы дәлелденген; екіншіден, жалпы білім беретін мектептерде көріктеуіш тілдік құралдарды таңдау пәні ретінде меңгерту жан-жақты дамыған, интеллектуалдық әлеуеті жоғары, тілдік дағдысы жетілген дара тұлға тәрбиелеуге ықпал ететіндігі таңдау пәнінің білім мазмұнын ұсыну арқылы және оны тәжірибелік сабақтарды жүргізу арқылы дәлелдеген; үшіншіден, көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертуге арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі мектеп оқушысының тілдік қарым-қатынаста өз ойын еркін, жүйелі жеткізуіне жәрдемдесетіндігі дәлелденген; төртіншіден, әдістемелік зерттеу нәтижесі көріктеуіш тілдік құралдарды жоғары сынып оқушыларына оқыту арқылы олардың лингвомәдени, коммуникативтік құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал ететінін дәлелденген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

1. Бірінші нәтиже жартылай жаңа болып табылады. Өйткені қазақ тіліндегі теңеу, фразалық тіркес, метафора, метонимия, мақалдар мен мәтелдер сияқты дәстүрлі көріктеуіш тілдік құралдармен қатар қазақ көркем туындыларында тілді пайдаланушы тарапынан жасалатын индивидуалды көріктеуіш құралдар бар екендігі бұған дейінгі ғылыми әдебиеттерде айтылған. Ал олардың пайда болуы жеке адамның концептуалды жүйесі мен қоршаған ортаның барша сипатын танып-білуіне, пайымдауына және қорытуына, сондай-ақ көріктеуіш, образдылық мақсатқа іріктелген әр лексеманың лингвомәдени ерекшелігі мен өз концептуалды өрісінің арасындағы көлемге байланысты екендігі жаңа болып есептеледі.

2. Екінші жаңалық жаңа болып табылады. Өткені көріктеуіш құралдар жеке адамның, ұлттың әлемнің тілдік бейнесін, ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін көрсететін, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ірі ұлттық-мәдени тілдік құбылыс екендігі дәлелденіп отыр.

3. Үшінші жаңалығы жаңа болып отыр. Өткені әдістемелік әдебиеттерді саралай келе, бұған дейін мектеп оқушыларына көріктеуіш құралдары оқыту әдістемесіне арналған зерттеу жұмысы болған емес. Ал ізденуші мектеп оқушысына көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын меңгерту мектеп оқушысының болашақта жоғары лингвомәдени құзыреттілікке ие тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал жасайтындығын анықтап отыр ;

4. Төртінші жаңалығы жаңа болып табылады. Өткені жоғары сынып оқушыларына көріктеуіш тілдік құралдарды меңгерту арқылы лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың моделі жасалған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Аталмыш зерттеу жұмысы – алға қойылған мақсат өресінен шыға білген, толық аяқталған ғылыми әдістемелік еңбек. Жұмыс нәтижесінде алынған түйіндердің ішкі бірлігі сақталған, ғылыми-теориялық, әдістемелік ой-тұжырым үзінділері бірін-бірі толықтыра, сабақтастырыла баяндалған. Ғылыми жұмыста ұсынылған тұжырымдар өзара байланысты, бір мақсатты көздеп дәйектелген. Жұмыстың теориялық негізі қазақ тілі әдістемесінің жаңа технологияларына қатысты бұрын-соңды жүргізілген зерттеулер мен ондағы ғылыми тұжырымдарға сүйене отырылып жасалған.

Жұмыстың мазмұнында автордың жеке ұсыныстары мен пікірлері, ғылыми негіздегі қорытындылары бір-бірімен сабақтаса тұжырымдалған. Әрбір тарауда айтылған ой екіншісінде жалғасын тауып жатады.

Жалпы зерттеу жұмысының нәтижелері бір мақсатта жүргізілген зерттеудің бірлігін құрап, бір-бірімен үйлесім тапқан. Теориялық негіздері мен қол жеткізген тұжырым қорытындыларының ішкі бірлігі сақталған. Диссертация ішкі тұтастықта дайындалған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Г.Т. Мухамеджанованың зерттеу жұмысының теориялық және практикалық нәтижелерін қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты туындыларда қолдануға болады. Сонымен қатар қазақ тілінде жалпы білім беретін мектептерде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының гуманитарлық салаларында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін одан әрі кеңейту мақсатына арналған арнаулы және қосымша пәндерде пайдалануға болады. Зерттеу бойынша ұсынылған таңдау пәнінің оқу бағдарламасын, оқу бағдарламасына сәйкес жасалған білім берудің кешенді әдіс-

тәсілдер жүйесін қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен білім берудің әдіснамасы мен әдістемесін жетілдіруде пайдалануға үлес қосады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Ізденуші диссертацияның нәтижесі, тұжырымдары мен қорытындылары бойынша 16 ғылыми мақала жарық көрген. Олар негізінен отандық және шетелдік басылымдарда, импакт факторы нөлдік емес журналдарда жарияланған.

8. Диссертация мазмұнындағы және ресімделуіндегі кемшіліктер.

Зерттеу жұмысында жоғарыда айтылған жетістіктерімен қатар кемшіліктер де анықталып отыр:

1. Жалпы әдістеме ғылымында зерттеу жұмысын жүргізу барысында кімге? нені? қалай оқытамыз? деген басты қағида басшылыққа алынуы тиіс. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны «Жалпы білім беретін мектептегі «Қазақ тілі» сабақтарында көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту үдерісі» деп жалпылама алынған деп ойлаймын. Жұмыстың мазмұнында осы мәселе жақсы ашылған. Дегенмен, тақырыпта, зерттеу нысанында қай сыныпта, қалай оқытылатыны нақты көрсетілгені дұрыс еді.

2. Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні де жалпылама алынғандықтан, әдістемелік бөліміндегі жұмыстар жүйесінде шашыраңқылық байқалады.

3. Зерттеу еңбекте жұмыстың теориялық жағына баса назар аударылғандықтан, диссертант ұсынып отырған көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың кешенді жұмыстар жүйесі мен әдіс-тәсілдері теориялық бөлімнің көлеңкесінде қалып қойған сияқты.

Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Қорыта келе, Мухамеджанова Гульмира Тастемировнаның PhD докторлық дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясы – қазіргі педагогика саласындағы талаптарға сай орындалған, теориялық және практикалық маңызы бар зерттеу жұмысы. Сол себепті Гульмира Тастемировна Мухамеджанова 6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ
Ұлттық техникалық зерттеу
Университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының
докторы



Ж. В. Жаксылықова